


«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.1 26 беттен
--	---	---------------



**БЕКІТІЛДІ**  
**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университеті» ҚЕАҚ**  
**Директорлар кеңесінін шешімімен**  
**(Хаттама № 3, «08» шілде 2021 ж.)**



**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамына жоғары және  
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына  
білім алушыларды қабылдау  
ЕРЕЖЕСІ**

Шымкент қ., 2021ж.

Корпоративтік хатшының қолы

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.2 26 беттен
--	---	---------------

## **1 Жалпы ережелер**

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 5-бабы 11) тармақшасына; «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қантардағы N 58 Қаулысына (өзгерістер ендірілген 21.04.2021 жыл, №256); «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына; Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығына (өзгерістер ендірілген 13.04.2021 жыл, №162); Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығына (өзгерістер ендірілген 25.02.2021 жыл) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларының сабактас топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандықтардың сәйкестігі бойынша әдістемелік ұсынымдарды анықтау туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығына сәйкес әзірленген.

## **2 Жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері**

### **2.1 Бакалавриат білім беру бағдарламаларына қабылдау**

2. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (бұдан әрі - Университет) білім беру бағдарламаларына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

3. Оқуға қабылдау респубикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын және мемлекеттік білім беру тапсырысын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.3 26 беттен
--	---	---------------

қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін (3 жыл) көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды Университет қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

5. Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына (2 жыл) ақылы негізде қабылдауды Университет қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

## **2.2 Жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдауда арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізу тәртібі**

6. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

7. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма тәрағасы-ректор (бұдан әрі - Ректор) немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

8. Комиссияның құрамына Университеттің оқытушы-профессор құрамы (бұдан әрі - ОПК) қатарынан, қоғамдық ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандарды қабылдау жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет пен спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған тұлғалар кіреді.

9. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен емтихан комиссиясының тәрағасы сайланады. Емтихан комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Емтихан комиссиясының шешімі қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады.

10. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ережедегі 1-қосымшада берілген арнаулы және (немесе) шығармашылық



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.4 26 беттен
--	---	---------------

емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

11. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін Университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ электронды сертификаты (болған жағдайда);
- 5) спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда) тапсырады.

12. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 8 мен 13 шілде аралығында өткізіледі.

13. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

14. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

15. Осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

16. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу күнтізбелік жылды 20 маусым мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

17. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

18. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші тұлғалар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.5 26 беттен
--	---	---------------

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламалары Университеттің базалық сәйкестігі бар кафедралармен өзірленеді және Ректормен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітіледі.

20. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, тапсыру орны, кеңес беру) құжаттарды қабылдау басталғанға дейін окуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

21. Окуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куэландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

23. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар окуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

24. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша окуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

25. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау тізбегімен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру тізбегімен, емтихан комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді. Емтихан комиссиясының хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

26. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханың нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

27. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қоргау мақсатында Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

28. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі береді, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.6 26 беттен
--	---	---------------

### **2.3 Университетке қабылдау тәртібі**

29. Университет студенттері қатарына қабылдау Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізіледі.

30. Университетке қабылдау үшін қызмет алушылар [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және окуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартымен көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

31. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантының иегерлері, сондай-ақ оқуға ақы төлеуі азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен жүзеге асырылған оқуға түсушілер тиісті білім беру бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

32. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары ҚР Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.


33. Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

34. Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

35. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

36. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты негізінде ҰБТ-дан өткен орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар Университетке оқуға қабылдану үшін кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша кемінде 5 балл және әрбір бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет. Ақылы оқуға түсушілер осы Ереженің 13-ші қосымшасына сәйкес белгіленген балдарынан кем жинамау қажет.

37. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсетін, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАК	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.7 26 беттен
--	---	---------------

қоспағанда, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты негізінде ҰБТ-дан өткен және ақылы оқуға тұсушілерді қоспағанда, кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» - кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы-оқыту тілі бойынша кемінде 5 балл және әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл.


38. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты негізінде ҰБТ-дан өткен адамдарға кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы кәсіптік пән бойынша кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

39. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

40. SAT (ЭсЭйТи – CAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес ақылы белімге қабылданады. SAT (CAT) балдарын ҰБТ-ға ауыстыру SAT reasoning (CAT ризонинг) және SATsubject (CAT сабджект) сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте SAT subject (CAT сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі. Ауыстыру шкаласы осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес бекітіледі.

41. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің мамандарын даярлаудың сәйкес бағыттарына тұсушілерді қоспағанда белгіленген шекті баллды алмаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ақылы негізде қабылданады.

42. Бұл тұлғалар оқудың академиялық кезеңін аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде оқу жылы бойы ҰБТ-ны қайта тапсырады.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.8 26 беттен
--	---	---------------

43. ҰБТ-ның нәтижелері бойынша шекті балл жинаған тұлғалар Ректордың немесе оның міндетін аткарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

44. Өтінішке ҰБТ нәтижесі (электронды сертификат), уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

45. Оқуға түсушілер Университеттің қабылдау комиссиясына өтінішпен бірге қоса ұсынады:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжаты (түпнұсқа);

2) жеке басын куәландағыратын құжаттың көшірмесі;

3) 3 x 4 сантиметр қолеміндегі 6 фотосурет;

4) 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы; тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде 075-У анықтамасын шектеу іс-шаралары, төтенше жағдай тоқтатылғаннан кейін ұсынады;

5) Ұлттық тестілеу орталығың сайтында тіркелген ұлттық бырынғай тестілеудің нәтижелерін растайтын бірегей берілгендегі бар электрондық сертификат;

6) тізбе көшірмесі (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

7) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (болған жағдайда).

## 2.4 Университетке шетел азаматтарын қабылдау

46. Шетел азаматтарын Университетке қабылдау ақылы негізде әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

47. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландағылған аудармасы болуы тиіс.

48. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін окудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен ностирификациялау рәсімінен өтеді.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.9 26 беттен
--	---	---------------

### **3 Жоғары орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері**

#### **3.1 Жоғары орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі**

49. Университетке магистранттар және докторанттар қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қарожаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

50. Университетке қабылдау магистратураға түсуші тұлғаларды кешенді тестілеу және докторантураға түсуші тұлғаларды түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

#### **3.2 Магистратураға қабылдау тәртібі**

51. Магистратураға жоғары білім беру бағдарламасын менгерген тұлғалар қабылданады.

52. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі. Өтініштерді қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 18 маусымы мен 15 шілдесі аралығында.

53. Білім бағдарламаларының тобы бойынша кешенді тестілеу күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамыз аралығында, шығармашылық емтихандар 16 мен 25 шілде аралығында, оқуға қабылдау 28 тамызға дейін жүргізіледі.

54. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тест тапсырады.

55. Оқыту ағылшын тіліндегі жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын кешенді тест тапсырады.

56. Кешенді тестілеуді өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.10 26 беттен
--	---	----------------

57. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар келесілерді тапсырады:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын кешенді тестілеу;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан.

58. Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттарының біреуі бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға кешенді тестілеудің шет тілі бойынша тестінен босатылады:

- ағылшын тілі: International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 6.0;

- IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 543;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 60;

- TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 498;

- неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хошулцуган) (DSH, NiveauC1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (NiveauC1/C1 деңгейі);

- француз тілі: Test de Francais International™ -Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) – оқу және тындалым секциялары бойынша В1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), В2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise – Диплом Апрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du franzaïs - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 50 балл).

59. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндөу және құрылыш саласы» білім беру

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.11 26 беттен
--	---	----------------

салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 4-ші қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуден босатылады.

60. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндегу және құрылым саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 5-ші қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуден босатылады.

61. «Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 6-шы қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуден босатылады.

### **3.3 Магистратураға шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу**

62. Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Ереженің 7-ші қосымшасына сәйкес өткізіледі.

63. Магистратураға шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде Университетте шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұксас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

64. Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ОПК қатарынан қалыптастырылады және

«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАҚ	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.12 26 беттен
--	---	----------------

комиссия төрағалары көрсетіле отырып Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

65. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

66. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, кеңес беру) Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және тұсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

67. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

68. Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысы еркін түрдегі баға тізбесі мен комиссия хаттамасы арқылы рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

### 3.4 Магистратураға қабылдау

69. Магистратураға тұсуші тұлғалар қабылдау комиссиясына «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және окуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартында көзделген келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі Ректордың атына өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (қабылдау комиссиясына құжаттарды өткізу кезінде түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) электронды нысандағы 075-У анықтамасы; тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде 075-У анықтамасын шектеу іс-шаралары, төтенше жағдай тоқтатылғаннан кейін ұсынады;
- 6) осы Ереженің 58 тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 7) Ұлттық тестілеу орталығың сайтында жарияланған кешенді тестілеудің нәтижелерін ресми растайтын бірегей берілгендері бар электрондық сертификат;



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАК	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.13 26 беттен
--	---	----------------

8) тізбе көшірмесі (шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

9) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық қуәлікті (болған жағдайда).

Осы тармақшаларда көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түп нұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары оқуға түсушілерге қайтарылады.

Осы тармақшаларда көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

70. Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу қорытындылары бойынша осы Ереженің 8-ші қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық Шкаласына сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

71. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу қорытындылары бойынша осы Ереженің 9-шы қосымшасына сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің Шкаласына сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

72. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Эрбір шығармашылық емтихан бойынша максималды балл саны 35 болуы қажет.



«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚеАК	«Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесі	6.14 26 беттен
--	---	----------------

73. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін кешенді тестілеу және және шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін – кемінде 75 балл;

